| 1 | "Күз сыйлары". | Балаларды көкөністер туралы өлеңмен таныстыру; "күзгі егін" ұғымын дамытуды жалғастыру; көкөністер мен жемістер және геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтінге сәйкес көкөністердің атауларын нақты дәйектілікпен айта отырып, көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету; зияткерлік картамен жұмыс жасау кезінде қазақ тілінде көкөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құра білу, назар салу, ойлау дағдыларын дамыту; еңбекті құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу. | Сөздікке "сорпа", "көкөніс сорпасы" сияқты сөздерді енгізу, көкөністер мен жемістердің аттарын, сондай - ақ көкөністер туралы өлең жолдардын айту арқылы сөздікті жандандыру; "еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" мақал-мәтелдері арқылы тіл байлықтарын дамыту. | Ырғақты әуендердің аудиожазбалары<br>Көкөністері мен жемістері шашылған Еркежанның әжесінің суреті. Көкөністер мен жемістердің суреттері;Демонстрациялық суреттер: себеттегі көкөністер; себеттегі жемістер.<br>Геометриялық фигуралардың демонстрациялық модельдері.<br>Көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға арналған суреттер.<br>Заттардың геометриялық фигуралармен байланысы бойынша интеллектуалды карталардың бастапқы схемалары: шеңбер, үшбұрыш, сопақ.<br>Көкөністер мен жемістер туралы мақал-мәтелдердің мазмұны бойынша суреттер.<br>Өлеңді сүйемелдеуге арналған бірнеше суреттер тобы: картоп, қырыққабат, сәбіз, қала, ақжелкен, қызылша. | **Тілдік дамытушы орта.**<br>"Амандасайық" жаттығуы.<br>Суретбойынша жемістер мен көкністер жайында әңгімелесу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ойын-эстафетаға негізделген сөздік жұмыс. "Көкөністер-жемістер".<br>Сюжеттік суреттер негізінде өлеңді мәнерлеп оқу. "Көкөністер".<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жиі қайталанатын сөздерді елестету негізінде өлеңді жаттауға арналған ауызша жаттығу.<br>Таратпа сурет карточкаларына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Интеллектуалды карта негізінде "геометриялық фигуралар" ұғымын<br>қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Көкөністер мен жемістер қандай геометриялық фигураларға ұқсайды?".<br>**Сөздік қор:**<br>"Есте сақтайық" жаттығуы: "Ексең егін, ішерсің тегін", "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)". | Балаларды "Ұ-Ү" дыбыстарымен,"Ұ ұ-Ү ү" әріптерімен таныстыру. "Ұ-Ү" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ұ-Ү" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп,ажыратуға үйрету,буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ұ-Ү" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ұ-Ү" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. | "Ұ","Ү", "күз сыйлары", "үкі, "үзеңгі", "ұлу", "ұршық" сөздерін пайдалану. | Таяқша, Ұ-Ү дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар.<br>Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар. | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Шаттық шеңбері. Армысың, шұғылалы нұрлы күн!"<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық жаттығулар: "Күлу", "Ине", "Әткеншек", "Кесе", "Тәтті тосап", "Тістерді тазалаймыз", "Аттар", "Сылақшы".<br>Ұ жән Ү дыбысының артикуляциялық қалпын игеру жаттығулары.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>«Сиқырлы сандықша» ойыны.<br>Ұ және Ү дыбысынан келетін сөздерді ойлап табайық: Ұя, ұн, ұшақ, бұғы, жұмыртқа<br>Жаңылтпашты жаңылмай айтқызу. "Өз орныңды тап" ойыны.<br>Дыбыстарға мінездеме Ұ-Ү.<br>Ұ-Ү дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын табу жаттығулары.<br>Сергіту сәті. "Қақпаға туралап".<br>"Кім зейінді?" ойыны ("Ү" мен "Ұ" дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау); буындар: үш, ұш, үз, ұз.<br>**Сөздік қор.** «Кім тез?» ойыны.<br>Дыбысының сигналдық белгісін, ал "Ү" дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер «Ұ» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.<br>Сөздер: үкі, ұя, ұстаз,<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Кім тапқыр?» ойыны.<br>Саусақ жаттығуы. "Он саусақ".<br>Жазылым жаттығулары.<br>Тапсырма. Адасқан әріптерден сөз құрап, сол құралған сөзге дыбыстық талдау.<br>"Оқы, таны, жаз" жаттығуы.<br>Ұ және Ү дыбыстарының сөздер құрамында табуға арналған жаттығулар. |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»__________2024ж

Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары
14.10-18.10.2024 жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **"Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс.** | Нан, ұн өнімдері туралы тұтас түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау мысалдарымен таныстыру; нан туралы идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын қазақ тілінде еске сақтауға дағдыландыру; конақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін үйрету, «Нанға құрмет» тақырыбы бойынша сөйлеуді, түбірлес сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну кабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | Сөздік қорға: шай ыдысы, тамақ, ұн өнімдері, нан сөздерін енгізу. Белсенді сөздік қорға: қант ыдысы, нан себеті, сүт құятын ыдыс , май салатын ыдыс сияқты ыдыс атауларымен байыту. «Ас атасы - нан». | Тақырыптық суреттер: қант ыдысы; нан себеті; сүт құятын ыдыс; май салатын ыдыс; кәмпитке арналған ыдыс; шәйнек.<br>«Шай ыдысының» көрнекілік суреті.<br>Нан өлеңіндегі зат есімдерді көрсететін суреттер.<br>1. Астық, күн, бидай.<br>2. Егін, бидай, қолдар, ұн.<br>3. Қамыр, бауырсақ.<br>Ұн өнімдерінің тақырыптық бейнелері: тоқаштар, батон, құймақ, жаңғақтар, жүзім, пияз, бауырсақтар, балмұздақ, торттар, тандыр, торт, бәліштер, алма, макарон, шұжықтар, піспенан.<br>Нанды құрметтеуге арналған ережелер суреттері: бала үстелдің астынан нанды алады; бала торт салынған бос табақты көрсетеді; бала нанды жерден көтереді; бала көгершіндерге нан қиқымын береді. | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Ө.Тұрманжанов «Нан қиқымын шашпаңдар».<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. «Ыдыс». *Ыдыс-аяқ түрлерін бір-бірден шығарып көрсетеді, оларды нақты және анық атайды.*<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>1) Заттарды жіктеуге арналған ауызша жаттығу. «Ұн өнімдері».<br>2) Диалог негізінде ауызша ойын жаттығуы.<br>«Шайға арналған тағамдар».<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерге негізделген өлеңді оқуға арналған ауызша жаттығу. Көркемсөз. «Біз дән егеміз».<br>**Сөздік қор:**<br>**«Еске сақтайық».**<br>«Ас атасы - нан» деген мақал бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау негіздері).** | Балаларға [-ы], [-і] дыбыстары мен Ы ы, І і әріптерін таныстыру. [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуға жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып карапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі жазуға дағдыландыру. | Ы ы, І і әріптерін анық айтқызу. Сөздік қорға: із, ін, іш, іс, тіс, іні, ін, тіл сөздерін енгізу. | [-ы], [-і] дыбыстарының артикуляциясы бейнеленген суреттер, осы дыбыстарға қатысты суреттер, дыбыстық талдауға арналған түсті текшелер, жуан және жіңішке дыбыстарды ажыратуға арналған шаршылар. Ы ы, І і әріптерінің баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірмелі материалдар. Бала санына қарай жазуға арналған парақтар, түрлі түсті қарындаштар. | **Тілдік дамытушы орта.** Шаттық шеңбері. Артикуляциялық жаттығулар: «Күрекше», «Кесе», «Төбешік», «Сағат», «Алтыбақан», «Ат шауып келеді». Жылан қалай дыбыстайды? - Ыс - с - ыс - сссс ... **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дыбыстарды сөздердің құрамында есту қабілетіне жаттығу. [-ы] және [-і] дауысты дыбыстарымен таныстыру. Суретпен жұмыс. Тақтаға [-ы], [-і] дыбыстарына байланысты суреттер ілінеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Тіл ұстарту жаттығулары. Буындарды айту. **Сөздік қор.** «Тары», «тері» сөздеріне дыбыстық талдау жаттығуы. «Кім жылдам?» ойыны. Сөздерге байланысты [-ы], [-і] дыбысының сигналдық белгісін көтересіндер. **Байланыстырып сөйлеу.** Саусақ жатығуы "Қуырмаш". Жазылым жаттығулары. Еске сақтау жаттығуы. [-ы], әлде [-і] дыбысы ма? Жаттығудың мақсаты: балаларға суреттегі затты атап, сөздің құрамында екі дыбыстың қайсы естілетінін табуға ынталандыру. |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»___________2024ж

## Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары
21.10-24.10.2024жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҮІӘ тақырыбы | ҮІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Жыл құстары. Үй құстары. "Ұсқынсыз үйрек" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу.** | Балалардың ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен қайырымдылыққа, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. | Сөздік қорға: жылы жақ, оңтүстік, ұсқынсыз, қуып жіберу сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу;<br>Жыл құстары көктемде қайтадан ұшып келеді; | Тақырыптық суреттер: қарлығаш, көкек, қарға, ләйлек, тырна, жабайы қаз, аққу.<br>«Ұсқынсыз үйрек» ертегісіне негізделген сюжетті суреттер:<br>- үлкен аққудың жұмыртқасынан үйрек жарып шықты; - ауладағы үй құсының алдында үйрек тұр;<br>- ағаш қуысындағы үйрек тоғандағы аққуларды бақылайды;<br>- мұзды тоғанда үйрек тоңады;<br>- қайтып келген үйректі адам алып жүреді; -тоғандағы басқа аққулардың арасындағы үйрек-аққу; - ақ құстар аспанда ауланың үстінен ұшады.<br>Есептегішке арналған қаздардың тақырыптық суреттері: қара, қоңыр, ақ, қоңыркай (сарғыш), қызғылт, сұр.<br>Санауыштағы қаздардың дұрыс тізімі бейнеленген сурет: ақ, сұр, қара, қоңыр, қоңыркай (сарғыш). | **Тілдік дамытушы орта.**<br>**Көркемсөз.**<br>Ұшасыңдар қалықтап,<br>Барар жерді анықтап,<br>Тырау, тырау, тырналар.<br>Көкті бүркеп күзгі бұлт,<br>Ысқырады ызғырық,<br>Тырау, тырау, тырналар.А.Асылбектің «Жыл құстары, тырналар» шығармасының қайталап, сөздеріне сай қимылдарды өз еркімен жасату.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. «Жыл құстары». Жыл құстарының бейнелерін көрсетіп аттарын дұрыс атауды үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Санамақ негізінде еске сақтау және логика бойынша ауызша жаттығу.<br>«Әженің неше қазы бар?»<br>**Байланыстырып сөйлеу.** «Ұсқынсыз үйрек» ертегісі негізінде диалог құрып, мазмұнын әңгімелеуге арналған ауызша жаттығу.<br>**Сөздік қор:**<br>"Әр құс өз ұясын жақсы көреді» мақалы<br>**Балалармен жеке жұмыс**: Сурет негізінде «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін әңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға кабілетті дауыссыз дыбыстар.** | Балалардың ұғымындағы сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуді үйрету; дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа үйрету. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. | Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстар-дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар дауыс қатынасына қарай қатаң, ұяң, үнді бөлінеді. Дауыссыз дыбыстар - буын құрай алмайтын дыбыстар. қазақ тілінде *26 дауыссыз* бар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ** | Таяқша, дауыссыз дыбыстардың тізімі, дауыссыз дыбыстан басталатын заттардың суреттер, магнитті тақта, көк карточкалар, үлестірме материалдар. | **Тілдік дамытушы орта. Шаттық шеңбері.**<br>**Қол алысып, қәне, біз,**<br>**Достасайық бәріміз.**<br>**Айтарым бар сендерге,**<br>**Тез тұрыңдар шеңберге.**<br>**Қандай жақсы бір тұру,**<br>**Достарменен бір жүру!**<br>**Қандай жақсы дос болу!**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Тіл ұстарту жаттығулары.**<br>Ға-ға-ға қарға.<br>Ге-ге-ге неге.<br>Ға-ға-ға талға.<br>Ге-ге-ге қондық неге ерте.<br>Қыс қатты-ақ,<br>Қыспаққа-ап.<br>Құс тоңып жүр,<br>Қыстап қап.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**«Сөздерді буындарға бөлейік» жаттығуы.**<br>Айналадағы кез келген затты атап, сол сөзді буынға бөледі<br>Жазу жаттығуы.<br>Саусақ жатығуы. «Құстар қанат қағады».<br>**Сөздік қор. Жаңа мәліметтер сәті.**<br>Дауыссыз дыбыстар атау . Олар: б, в, г, ғ, н, қ, һ, й, ц, к, н, ш з, х, ф, п, р, л, д, ж, ч, с, м, т. (у).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Бой сергіту жаттығуы.<br>«Би билейміз» әнін қимыл-қозғалыспен орындайды.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** Дидактикалық ойын. «Сөйлемді аяқта». *Мақсаты. Балалардың логикалық ойын дамыту, сөздік қорын байыту.* |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»____________2024ж

**Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**
28.10-31.10.2024жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҮІӘ тақырыбы | ҮІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу.** | Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының төлдерінің атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; ертегінің мазмұны бойынша диалог құрып, мұқият болуды, қарапайым сөйлемдер құрастырып сөйлеуді үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың мінез-құлқымен салыстыруды, қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру; балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Сөздікке: тұяқ, темір ұстасы, үй жануарлары пайдалы, қамқорлық қажет сияқты сөз тіркестерін енгізу; үй жануарларының дыбыстарын бейнелейтін сөздермен сөздік қорларын байыту. | Үй жануарларының және олардың төлдерінің демонстрациялық суреттері: сиыр, жылқы, қой, ешкі, түйе,<br>бұзау, құлын, қозы, бота, лақ.<br>Ертегі мазмұны бойынша демонстрациялық суреттер.<br>Үй жануарларының дауыстары бар аудиожазбалар.<br>Көңілді ырғақты әуеннің аудиожазбалары.<br>Сөйлем құрастыруға арналған суретті сызбалар:<br>– «Сиыр сүт пен ет береді».<br>– «Ешкі сүт пен жүн береді».<br>– «Қой ет пен жүн береді».<br>– «Жылқы қымыз бен ет береді».<br>– «Түйе етпен шұбат, жүн береді және жүк тасиды».<br>– «Жылқы ет пен қымыз береді, адамдарды алып жүреді». | **Тілдік дамытушы орта.** Жұмбақ.<br>Терезеден көз салсақ айналаға,<br>Қой-ешкі жайылып жүр кең далада.<br>Түйелер мен жылқылар жүр ойнаған,<br>Сиыр жатыр жасыл шөпті шайнаған. (Төрт түлік)<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сурет негізінде ертегінің баяндалуы.«Қасқыр мен жеті лақ».<br>Мәтіннен сөздердің артикуляциясы мен айтылуына негізделген ауызша ырғақты жаттығу. «Ешкінің әні».(*әр сөздің дұрыс айтылуы, жылдам қарқынмен айтылуына мән беру)*<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сәйкестендіру және жіктеу бойынша ауызша-логикалық жаттығу. «Кімде не бар?»<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Диалог негізінде ертегінің мазмұнын әңгімелеуге арналған ауызша жаттығу. «Мұқият болу маңызды».<br>**Сөздік қор:**<br>Тұяқ-малдың аяғының басындағы жер басатын мүйіз табаны,<br>Темір ұстасы — темірден әр түрлі нәрселер жасаушы,<br>үй жануарлары — бұл төрт түлік мал: сиыр, қой, ешкі және жылқы<br>**Балалармен жеке жұмыс**: Суреттердің тірек суреттері негізінде сөйлем құрастыруға арналған ауызша жаттығу. «Қай жануар не береді?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).** | К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Балаларды [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру; [-к], [-г] әрпін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбысты есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-г] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу; әдемі, таза жазуға дағдыландыру. | К к, Г г әріптерін айтқызу, жомарт күз, карта, кілт, көбелек, гүл, глобус, гитара, кесе, конфет, кебеже, күріш сөздерін пайдалану. Кебеже - тамақ сақтауға арналған сандық сияқты ағаш бұйым. Глобус - Жер шарының бірнеше есе кішірейтіліп берілетін нақты бейнесі. | Таяқша, [-к], [-г] дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта,жазу дәптері. | **Тілдік дамытушы орта.** Көркемсөз. «Күз».<br>Ақ қайың төкті суға жапырағын,<br>Шымырлап беті күліп жатыр ағын<br>Мынау дүние сабырлы түрге еніпті,<br>Күз жайлап жерімнің кең атырабын.<br>Даланың сарғыш тартып атырабы,<br>Күз тырнағын гүлдерге батырады.<br>Өмірдің өзі дағы далаға ұқсас;<br>Көктем күліп, күз ойлы жатыр әне.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық жаттығулар.<br>Дыбыстарды естуге, ажыратуға арналған жаттығулар.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары.**<br>Кекілік-ау, кекілік, Кетіп қалма секіріп.<br>Күз. Кез. Көз. Күш. Кеш. Көш.<br>Кір. Кер. Көр. Күл. Кел. Көл.<br>«Күз» және «гүл» сөздеріне дыбыстық талдау жасау жаттығуы.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>[-к] және [-г] дыбыстарымен танысу.<br>Саусақ жаттығуы. «Жасыру».<br>**Сөздік қор.** Кебеже — тамақ сақтауға арналған сандық сияқты ағаш бұйым. Глобус - Жер шарының бірнеше есе кішірейтіліп берілетін нақты бейнесі.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Мен бастаймын, сен аяқта!» ойыны.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** Жаңылтпаш айту.<br>Кербез керік кері кетті.<br>Көтере алмай керегін<br>Кезі келіп кезігіп.<br>Кекілік оны келемеж етті. |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»___________2024ж.

**Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**
04.11-08.11.2024жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі** | Балалардың көлік түрлері, олардың қозғалыс тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен таныстыру; қала мен ауылдың көріністері, олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; «аз» және «көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін үшке (жерүсті, әуе, су) жіктеуді үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, карттарға қамқор болуға, үлкендерге қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу. | Сөздік қорға: жолаушы, жақсы іс, отыру сияқты сөздерді енгізу; «жерүсті көлігі жерде жүреді», «су көлігі суда жүреді», «әуе көлігі ауада ұшады» деген тіркестері мен сөйлемдерінің, «Арыңды жасыңнан сақта» мақалының көмегімен белсендіру. | Ортаның көрнекілік суреттері: жер, әуе, су. «Жерүсті көлігі» сызбасы: жеңіл автомобиль, велосипед, мотоцикл, жүк көлігі, трактор, автобус, пойыз.<br>«Су көлігі» сызбасы: пароход, кеме, желкенді қайық, қайық, сүңгуір қайық.<br>«Әуе» сызбасы: ұшақ, реактивті ұшақ, әуе шары, тікұшақ.<br>Көрнекілік сурет «Автобус салоны».<br>«Алан мен Қазыбектің стадионға баруы» әңгімесі бойынша сюжетті суреттер сериясы<br>Балалар саны бойынша автобус билеттері (карточкалар). | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Зияткерлік карта негізінде көлік түрлерін жіктеу бойынша ауызша жаттығу. «Жерүсті, су, әуе көлігі».<br>- «жерүсті» деп неге атадық? (Жерүсті көлігі жерде жүреді.)<br>– «су» деп неге атадық? (Су көлігі суда жүреді.)<br>– «әуе» деп неге атадық? (Әуе көлігі әуеде ұшады.)<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сергіту сәті. «Жүргізуші».<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Суреттерге негізделген оқиғаны мәнерлеп оқу. «Алан мен Қазыбектің стадионға баруы».<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойын жағдайына негізделген сөйлемдерді құрастыру жаттығуы. «Автобуста үлкендерге орын беру».<br>Еске сақтауға арналған ауызша жаттығу. «Еске сақтайық». «Арыңды жасыңнан сақта» деген мақал.<br>**Сөздік қор:**<br>Аялдама - автобус тоқтайтын жер. Стадион - футбол ойнайтын орын.<br>**Балалармен жеке жұмыс**: Салыстырмалы диалог негізінде сөйлем құрау жаттығуы.<br>«Қалада және ауылда не көп, не аз?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)". | Балаларды "Ш-Ж" дыбыстарымен, "Ш ш-Ж ж" әріптерімен таныстыру. "Ш-Ж" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ш-Ж" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп,ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ш-Ж" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ш-Ж" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. | "Ш", "Ж", "жаз", "жылқы", "жапырақ" сөздерін пайдалану. | Таяқша, Ш-Ж дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар. | **Тілдік дамытушы орта. Шаттық шеңбері**<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауаны жұтайық,<br>Жүрекке жылу сыйлайық.<br>Жиналған жылы шуақты<br>Достарымызға сыйлайық.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>"Бағдаршам" ойыны (дыбыстардың сөздердегі орны).<br>Дыбыстық талдау: "Жебе", "Шана".<br>Фонеманы есту қабілетін жетілдіру: «Алаша».<br>Артикуляциялық гимнастика<br>«Ж» және «Ш»дыбыстарының артикуляциясын салыстыру.<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Жаңылтпаш. "Бұрқырайды ақ шаң".<br>**Сөздік қор:** Шана - мұзмен немесе қармен сырғып өтетін көлік.<br>Ш және Ж - қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Ойын: «Сөз ойла, тез ойла» . Ж, Ш дыбыстарынан басталатын сөздер айту.<br>Ойын: ойлан тап! Ж дыбысынан басталатын санды тап Буындарда есту, табу жаттығуы: "Қайтала" жаттығуы.<br>Сергіту сәті. "Ұшты-ұшты" ойыны.<br>**Байланыстырып сөйлеу. Балалармен жеке жұмыс:**<br>Дидактикалық ойын: "Буынға буын қос".<br>Жазылым жаттығуы. |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»___________2024ж

**Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**
11.11-15.11.2024жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Орман жануарлары** | Балалардың ұғымындағы жабайы жануарлар, олардың тіршілік ету ортасы және тамақтануы туралы білімдерін кеңейту; аналық жануарлардың атауларымен таныстыру; төлдерінің аттарын бекіту; «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» мақалының негізінде жабайы табиғат туралы түсінігін дамыту; қарапайым сөйлемдерді құру негізінде жабайы жануарлардың тіршілік етуі туралы қазақ тілінде еркін әңгімелеуді үйрету; есту қабілеті мен зейінін, жадын, эмоцияларын дамыту; достыққа, жануарлар әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу. | Сөздік қорға: түлкі, қасқыр, қоян, аю, кірпі сияқты сөздерді енгізу; «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» мақалы арқылы сөздік қорларын байыту. | Тақырыптық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін.<br>Жабайы жануарлардың тұратын (үңгір, апан, қуыс, ін) жерін бейнелейтін суреттер: аюдың апаны; қасқырдың апаны; түлкінің іні; қоянның іні; тиіннің іні (ағаштың қуысы); кірпінің іні.<br>Жануарлар мен төлдерінің жұптары бар суреттер: қасқыр - бөлтірік; түлкі - жәудір; аю - қонжық; кірпі - кірпі; тиін - тиін; қоян - көжек.<br>Ырғақты әуеннің аудиожазбасы. | **Тілдік дамытушы орта. Жұмбақ**<br>Ағаштары әдемі тізіледі.<br>Аңдары жүгіріп жүреді.<br>Жануарлар әлемі қарсы алады.<br>Құстары да әдемі ән салады.<br>- Бұл қай жер? (Орман.)<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Үйшік» ертегісін мәнерлеп оқу.<br>Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. «Жабайы жануарлар». (*сөздердің артикуляциясын нақты ерекшелеп көрсетеді.)*<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зияткерлік карталарды құру негізінде жабайы жануарлардың тіршілігі туралы ұғымды қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. «Жабайы жануарлар».<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Болжамды түсіну негізінде суреттегі ұғымды қимылмен көрсетуге арналған жаттығу. «Жануарды тап және көрсет».<br>**Сөздік қор:**<br>«Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» деген мақалы.<br>**Балалармен жеке жұмыс**: Суреттерге негізделген логикалық жұптарды таңдау бойынша ауызша жаттығу. «Кімде, не бар?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Т-Д дыбысы (артикуляция сы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)". | Балаларды "Т-Д" дыбыстарымен, "Т т-Д д" әріптерімен таныстыру. "Т-Д" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Т-Д" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Т-Д" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Т-Д" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Жабайы жануарлардың мекені, қоректенуі туралы түсініктерін меңгерту. | "Т", "Д", "жабайы табиғат әлемі", "сандық", "тасбақа", "түйе", "кітап" сөздерін пайдалану. | Таяқша, Т-Д дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар. | **Тілдік дамытушы орта. Шаттық шеңбері** "Өсеміз біз күліп-ойнап".<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Т-Д дыбыстарының сипаттамасы, артикуляциясы.<br>Жұмбақтар. Жауап сөзінің құрылымында дыбыстарды табу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Т, Д дыбыстары бар сөздерді табу жаттығуы.<br>Қандай жануардың шығаратын үніне ұқсайтынын тауып айт) ойыны (фонеманы есту қабілеті).<br>Т, Д дыбысынан басталатын сөздерді табу жаттығуы.<br>Т – Д дыбыстарына байланысты өлең шумақтарын айтқызу.<br>"Дыбысты естісең - жалауды көтер".<br>Дыбыстық талдау: "Тас", "Дос".<br>"Сөзді өзгерт" дидактикалық ойыны.<br>**Сөздік қор:** Қодық-есектің баласы.<br>**Байланыстырып сөйлеу. Балалармен жеке жұмыс:**<br>Сөйлем құрау жаттығуы.<br>"Тыңда, қайтала..." тіл ұстарту жаттығулары<br>Жазылым жаттығуы.<br>Рефлексия: "Шегіртке мен жабайы аңдар" ертегісі. |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»____________2024ж

**Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**
18.11-22.11.2024 жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу". | "Оқтауы бар түлкі" ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш өлшемнің: "үлкен", "орта", "кішкентай" ұғымдарын бекіту; эмоциялар туралы түсініктерді дамыту; қонақта адамның сыпайы мінез-құлық көрсетуі туралы, қазақ тіліндегі ертегінің мазмұнын түсінуге, ертегі кейіпкерлерінің жиі қайталайтын сөз тіркестерін және сөздерін есте сақтауға үйрету; ертегілердегі жануарлардың кейіпкерлерінің мінезі адам мінезіне тән екенін түсінуге жағдай жасау; есту және визуалды есте сақтау, ойлау, үйлесімді сөйлеу негізін, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын дамыту; ертегілерге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Сөздікке "оқтау", "орындық", "сенгіш", "қу", "бастапқыда", "соңында" сияқты сөздерді енгізу; "өтіріктің аяғы бір-ақ тұтам" мақалымен сөздік қорларын молайту. | Ертегінің тақырыбы негізіндегі "сиқырлы" әуеннің аудио жазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы. "Оқтауы бар түлкі" ертегісі мазмұнына байланысты сөздік жұмысына арналған суреттер. "Оқтауы бар түлкі" ертегісінің сюжетті суреттері, Ырғақты әуен аудиожазбасы. | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Ертегіні ұнатады бар бала,<br>Отырамыз кейіпкерге таңдана.<br>Жақсысы бар, жаманы бар олардың,<br>Кезігеміз сараң, жомарт жанға да.<br>Кедей де бар, батырлар да, бай да бар.<br>Әр кейіпкер болмысына сай болар.<br>Жамандықты жеңіп шығып соңында,<br>Барлық амал жақсылыққа айналар.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ертегіні мәнерлеп айту. "Оқтауы бар түлкі".<br>Суреттерге негізделген сөздік жұмыс.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Көркем сөз. А. Құнанбаев "Қарға мен түлкі".<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Музыкалық драматизация негізінде негізгі диалогты айту логоритмикасы.<br>**Сөздік қор:**<br>Оқтау - қамыр жайтын ұзынша жұмыр ағаш.<br>Орындық - отыруға, жатуға арналған жиһаз.<br>Тар - кең емес, кішкентай, шағын.<br>Ыңғайсыздық танытпаймын - бөгет жасамаймын.<br>Сарқыт-сыйлықтар.<br>**Балалармен жеке жұмыс**: Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»деген мақалды жаттау.<br>Мәтінді толтыру негізінде ертегінің мазмұнын модельдеу жаттығуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау негіздері).** | Балаларды [-қ], [-ғ] дыбыстары және Қ қ, Ғ ғ әріптерімен таныстыру. Қ қ, Ғ ғ әріптерін ауада жазып көрсету; [-қ], [-ғ] дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды, ажыратуды үйрету; [-қ], [-ғ] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-қ], [-ғ] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру. | Құрамында [-қ], [-ғ] дыбыстары естілетін сөздерді дауыстап айтқызу, «көлік түрлері», «әуе көліктері», «су көліктері», «жерүсті көліктері», «көліктер» сөздерін пайдалану. | таяқша, Қ қ, Ғ ғ әріптерінің баспа және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, Бала санына қарай жазуға арналған парақтар, түрлі түсті қарындаштар, дыбыстық талдауға суреттер, қызыл және көк текшелер. | **Тілдік дамытушы орта. Шаттық шеңбері**<br>Бәріміз күндей жарқырайық!<br>Бәріміз дос болайық!<br>Бәріміз тату болайық!<br>Қатар-қатар тізіліп,<br>Қолымызды түсіріп,<br>Түп-түзу болып отырайық.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>[-қ] және [-ғ] дыбыстарымен танысу.<br>Мәтін жолдарында [қ] және [ғ] дыбыстарын есту, ажырату жаттығуы.<br>Тіл ұстарту жаттығулары.<br>Ақ – ақ – ақ – қу – қу – қу. Аққу.<br>Қар – қар – қар – ға – ға – ға. Қарға.<br>Қа – қа – қа. Таңертең жедім жұмыртқа.<br>Ға – ға – ға. Қарқылдаған қарға.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Фонематикалық қабылдауын дамыту. « Сиқырлы сандық» ойыны.**<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Дыбысты анықта» ойыны.**<br>**Жазылым жаттығуы.**<br>«Қ» әріпін қорша.<br>**Байланыстырып сөйлеу. Балалармен жеке жұмыс:** Мнемокестелер бойынша құстар туралы байланыстырып әңгіме құрастырамыз. |

«Тексерілді»
№59 С.Н.Шапағатов атындағы
бөбекжай әдіскері
«______»___________2024ж

**Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**
25.11-29.11.2024 жыл

Топ: МАД топтар № 10,11,12,14

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қазақстанның қазба байлықтары.** | Балалардың ұғымындағы Қазақстан және оның табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейту; ауыз су, көмір, бидай, мұнай, кен, газ, көл, теңіз, дала, тау, орман сөздерінің мағынасын түсіндіру; онға дейін және кері санауға жаттықтыру; Туған жердің құндылығы туралы түсініктерін дамыту; балаларға қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруды, Қазақстанның байлығы туралы қазақ тіліндегі ақпаратты тыңдауды, түсінуді және сөйлеуді үйрету;<br>Еске сақтау, ойлау негіздерін дамыту; отансүйгіштікке, туған жердің<br>табиғи байлықтарын қадірлеуге тәрбиелеу. | Сөздікке алтыдан онға дейінгі сандардың атауларын, "газ", "ауыз су" сияқты сөздерді енгізу; "байлық", "мұнай", "көмір", "кен", "көл", "теңіз" сөздерінің және "су ішеді", "бидайдан ұн жасайды", "нан пісіреді", "көмір жылу үшін қажет", "бензин мұнайдан жасалады", "темір, металдар кеннен балқытылады", "газ жылу береді", "газ жылу береді", "тауларда қар бар", "қар еріп, су береді", "қарағай орманы бар", "қайыңды орман", "қылқан жапырақты орман", "көп балық" сөз тіркестерінің көмегімен сөздікті белсендіру. | ҚР Мемлекеттік Гимнінің аудиожазбасы.<br>Қазақстанның қазба байлықтары туралы сөздік жұмысына арналған демонстрациялық суреттер.<br>Демонстрациялық сандар жиынтығы бірден онға дейін.<br>Балалардың санына орай бірден онға дейінгі сандар жиынтығы.<br>Балалар санына есептелінген Қазақстанның байлықтарының он суретінен үлестірме жиынтықтар. | **Тілдік дамытушы орта. Көркемсөз.**<br>**Ұлықбек Есдәулет «Қазақстан - жыр елім!»**<br>Арыстандай айбаттым,<br>Жолбарыстай қайраттым,<br>Аспандаған байрақтым,<br>Қанша жұлдыз жайнаттың,<br>Қанша бұлбұл сайраттың,<br>Қазақстан, ардақтым!<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Суреттер галереясына негізделген сөздік жұмыс. "Қазақстан байлықтары".<br>Бірқатар мысалдар негізінде «Қазақстанның қазба байлығы» ұғымын модельдеуге арналған ауызша жаттығу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Карточкалар негізінде қазақ тілінде тура және кері санауды меңгеру бойынша ауызша жаттығу. «Сандық қатар».<br>Санамақ. "Бірден онға дейін және кері санаңыз".<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Мәнерлеп оқуға негізделген ауызша ырғақты жаттығу. «Қазақстанның он қазба байлығы». *(Қазақстанның он байлығының суретін көрсетеді.)*<br>**Сөздік қор:**<br>"Есте сақтайық": "Жер – ырыстың кіндігі<br>**Балалармен жеке жұмыс**: Лото ойыны негізінде «Қазақстанның қазба байлығы» санауышын жаттауға арналған сөздік жаттығу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "П-Б дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)". | Балаларды "П-Б" дыбыстарымен, "Пп-Бб" әріптерімен таныстыру. "П-Б" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "П-Б" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп,ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "П-Б" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "П-Б" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Көркем сөз арқылы туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. | "П", "Б", "пойыз", "сағат", "кілт", "доп", "бала", "бақа" сөздерін пайдалану. | Шаттық шеңбері, әңгімелеу, сергіту сәті, артикуляциялық гимнастика, сұрақ-жауап, жаңылтпаш, жұмбақ жасыру, көркем сөз, дидактикалық ойындар, саусақ жаттығуы, тіл ұстарту жаттығулары, фонопедиялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуы. | **Тілдік дамытушы орта. Шаттық шеңбері.**<br>Кел, достарым, шеңберге тұрайық,<br>Қоршаған табиғаттың сұлулығына қарайық.<br>Жан-жануарды, өсімдіктерді, адамның өзін<br>Қайда жүрсек те аялайық, бағалайық.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық гимнастика «Дәмді тосап».<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>«Біліміңді мықта» ойыны. *(Мақсаты:Сөздердің құрамында қажетті дыбыстарды ажыратып, сөзге дыбысты өздігінен дұрыс қосуға жаттықтыру.)*<br>«Кім зейінді?» жаттығуы. *(Мақсаты. Сөздердің құрамында «п» және «б» дыбыстарын ажыратуды үйрету.)*<br>Дыбыстық талдау: "Піл", "Бір".<br>Фонеманы есту қабілетіне жаттығулар: "Артық сөзді тап",<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін мәнерлеп оқу.<br>«Тездет, бірақ қателеспе» жаттығуы.<br>*(Мақсаты.Сөйлеудің грамматикалық құрылымын түсінуге баулу).*<br>Тіл ұстарту жаттығулары.<br>«Буын санын тап» жаттығуы.<br>«Тапқыр болсаң, талас жоқ» ойыны.<br>*(Мақсаты.Балаларға сөздердің дұрыс айтылу үлгісін үйрету.)*<br>**Сөздік қор: Еске сақтау жаттығуы.**<br>Пайдалы деп пияз жеп,<br>Парлады жас көзімнен.<br>«Піссінші» біраз деп,<br>Пысылдадым төзіммен.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Дидактикалық ойын: “Өз туыңды тауып ал”<br>**Балалармен жеке жұмыс:**<br>"Жоғалған дыбыс" дидактикалық ойыны.<br>Жазылым жаттығуы. |